

«С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

Факультет кеңесі мәжілісінде
қарастырылды
Хаттама № 9 04.05.2023 ж.

Бекітемін:
Ветеринария және мал шаруашылығы
технологиясы факультетінің деканы
С.К. Әбдірахманов



«8D09102 – МАЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ САНИТАРИ-
ЯЛЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ» БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2023-2027 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНА АРНАЛҒАН
ДАМУ ЖОСПАРЫ

«Ветеринариялық санитария» кафедрасының кеңейтілген мәжілісі отырысында
қарастырылды
Хаттама № 15А 03.05/2023 ж.

Мазмұны

№	Компонент атауы	беті
1	Білім беру бағдарламасының (БББ) даму жоспары паспорты	2
2	БББ талдамалық негіздемесі	3
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер	3
2.2	Білім алушылар туралы мәліметтер	4
2.3	БББ дамуы үшін қажетті ішкі шарттар	4
2.4	Қоршаған социум сипаттамасы	6
2.5	Білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы ПОҚ туралы мәліметтер	7
2.6	БББ жетістіктерінің сипаттамасы	8
3	БББ даму жоспары шешімін табуға бағытталған мәселелердің сипаттамасы және оларды шешу қажеттігін негіздемеу	9
4	БББ даму жоспарының негізгі мақсаты мен міндеттері, оларды жүзеге асыру мерзімі мен кезеңдері	9
5	БББ шешуге қатысты тәуекелділіктердің әсерін төмендету бойынша шаралар	9
6	БББ дамыту жөніндегі шаралар жоспары	10
7	БББ даму жоспарын жүзеге асыру механизмі	12
8	БББ даму жоспарын жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау	12
9	БББ бойынша түлектер моделі	12

1. Паспорт

«8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының 2023-2026 оқу жылдарға арналған Даму жоспары

1	БББ даму жоспарын құрастыру негіздемесі	Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламасына сәйкес БББ даму жоспарының стратегиясы мен тақырыптары, оның мақсаты еңбек нарығында бәсекелестікке жарамды ауқымды іргелі білім мен практикалық тәжірибеге ие жаңа формациядағы, жұмыс берушілер талаптарын ескере отырып, жануар ауруларын диагностикалау мен емдеудің заманауи әдіс-тәсілдерін меңгерген мамандар дайындау
2	БББ даму жоспарының негізгі құрастырушылары	Әбдірахманов Сәрсенбай Қадырұлы, в.ғ.д., профессор; Майқанов Балғабай Садепұлы, б.ғ.д., профессор; Әділбеков Жанат Шабанбайұлы, в.ғ.к., доцент; Балджи Юрий Александрович, к.в.н., доцент; Мұстафина Райхан Хусаинқызы, PhD, аға оқытушы. Жұмыс берушілер: Абдулхаликов Сембай Бағдатшаұлы, ҚР АШМ ВБЖҚК «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМБ бас директоры; Сәрсембеков Лұқман Төлеуұлы, «Фабрика Целиная деликатесов» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры, Астана қ.
3	БББ даму жоспарын жүзеге асыру мерзімі	2023-2026 жж.
4	Қаржыландыру көлемі мен көздері	Мемлекеттік бюджет есебінен, сыртқы қаржыландыру көздерін тарту арқылы қаржыландырылу көзделген.
5	БББ даму жоспарын жүзеге асырудан күтілетін ақтық нәтижелер	Отандық және әлемдік стандарт талаптарына сәйкес ветеринария саласының жоғары білікті мамандарын дайындау

2. БББ талдамалық негіздемесі

БББ жаңартылған мазмұны; докторанттарды жоғары деңгейде дайындау сапасы; білім алушылардың танымдық қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере келе, тереңдетіп дайындау материалдарымен толықтыра отырып БББ жүзеге асыру.

2.1. Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер. Құрастырылған білім беру бағдарламасының өзектілігі біліктілік тағайындаудың Ұлттық шеңбері мен кәсіби стандарттарға сәйкес құрастырылып, Дублин

дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік тағайындау шеңбері талаптарымен келісілуінде, ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы № 604 Бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет Министрілігінде 2018 жылдың 1 қарашасында № 17669 тіркеуге алынған Магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес құрастырылған.

Білім беру бағдарламалары теориялық оқытуды қарастырады, оның құрамына базалық және бейінді пәндер циклын оқыту; оқытудың қосымша түрлері, зерттеу және педагогикалық практика, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы т.б.; аралық және ақтық аттестация кіреді. БББ құрамына 180 кредит, соның ішінде, практикалық оқытудың (практиканың барлық түрлері) – 20 кредитті қоса алғандағы теориялық білім берудің 25 кредиті, ДҒЗЖ – 123 кредиті кіреді. Ақтық аттестация – 12 кредит.

2.2. Білім алушылар туралы мәліметтер. Қазіргі уақытта 8D091-«Ветеринария» мамандығының «8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» БББ жалпы білім беру гранты бойынша көптілді топтардың 3 докторанты білім алуда.

2.3. БББ дамуы үшін қажетті ішкі шарттар. Кафедрада білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы бар, оның құрамына кіретіні: ветеринариялық клиника, тағам қауіпсіздігі зертханасы, факультеттің паразитологиялық мұражайы, сонымен қатар, мамандандырылған аудиториялар. Мамандандырылған аудиториялар тиісті құрал-жабдықтармен және аспаптармен жарақталған, атап айтқанда, потенциометриялық әдіспен зерттеуге арналған автоматты анализатор-Ен (иономер И-160 МИ), ЭВЛИЗ ылғалдылық анализаторы, кеңейтілген жинақтағы ТА-Lab вольтамперометриялық анализаторы (Ноутбук HP A1E29EA 635 Athlon), ТА Озон - вольтамперометриялық анализатор қосалқы құралы, ИФТ анализаторы (Униплан фотометрі), СоматосМини соматикалық жасушалар анализаторы, балқу нүктелерін автоматты түрде анықтауға арналған Opti Melt аппараты, бидистиллятор, электрлік дистиллятор, ЛЮМ-1 люминометрі, SSP люминометрі, автоматты поляриметр, цифрлық 30 РХ рефрактометрі, рН-метр+ Metrohm 827 рН титрлер, рН-метр (рН-сүттің, рН-ірімшіктің, рН-еттің), «Эксперт-рН» потенциометрі (ет), құрғақ кептіру пеші (шкафы), сүт сапасын анықтауға арналған EkoMilk Total ультрадыбыстық анализаторы, сүт сапасын анықтауға арналған Лактан 1-4 ультрадыбыстық анализаторы, Кьельдаль әдісімен ақуызды/азотты анықтауға арналған автоматты титрлеу қондырғысы бар «Кельтран» кешенді құралы, зертханалық гомогенизатор, «Термоскан-Мини» криоскобы, зертханалық ЛТР-24 термостат-редуктазалау құралы, қыздыру пеші, аналитикалық таразылар, MWP-1200 зертханалық таразы, ВИТ типіндегі психрометриялық гигрометр, аспирациялық психрометрлер, сильфонды АМ-0059 аспираторы, жоғары дәлдіктегі РН-200 сұйықтықтар рН анализаторы, М-21А гигрографтары; ИТ-5ТР «Термит», Venetech GM1356 шуыл өлшегіші, метеорологиялық БАММ-1барометр-анероиды; Testo 608-Н1/Н₂ т.б. аспаптар (пәндер бойынша зертханалық-

практикалық сабақтар кезінде қолданылатын өзге аспаптар мен құрал-жабдықтар).

БББ бойынша оқу-әдістемелік құжаттар қолданыстағы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты тәрізді нормативтік құжаттар бойынша, оқу жұмыс бағдарламалары, академиялық күнтізбелер, ПЭОӘК құрастырылған. Дипломдық жұмыстарды орындау үшін аталған саланың тиісті кәсіпорындары бар, олармен келісім-шарттар жасалынған.

ПОҚ ғылыми дәрежесін арттыру, олардың отандық ЖОО-да және жақын және алыс шет елдердің ЖОО, ғылыми-зерттеу мекемелерінде және Республикалық ветеринариялық зертханада біліктілігін жоғарылату курстарынан өтуі, сонымен қатар, ҚР АШМ жетекші мамандарын, жақын және алыс шет елдердің ЖОО ғалымдарын шақыртуға ерекше көңіл бөлінеді.

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<p>1. Білім беру бағдарламалары мазмұнының МЖМББС, ғылым мен тұтынушылардың қазіргі заманғы талаптарына сәйкестілігі, сонымен қатар, олардың түлектің құзыреттілігіне, үлерістерге және экономикалық интеграция өзгерістеріне орай белгіленген тәртіпте жаңартылып отыруы.</p> <p>2. Білім берудің кредиттік жүйесі ережелеріне сәйкес өздігінен таңдалатын білім беру траекториялары бойынша білім беру бағдарламалары үдерістерінің кезең-кезеңімен игерілуін жоспарлау.</p> <p>3. Білім беру бағдарламаларында теориялық және практикалық оқытуды, өздігінен дайындалу жұмыстарын қиылыстыру, сонымен қатар,, кәсіби қызмет түріне дайындалуы, зияткерлік машшықтарды дамыту, шығармашылық қабілеті мен білім алушының тұлғалық қалыптасуы үшін қажетті құзыреттіліктерді қамтитын міндетті және элективтік пәндер болуын қарастыру.</p> <p>4. Білім беру бағдарламаларының инновациялық формаларын, оларды меңгерудің әдістерін, жоғары білікті мамандар дайындалуын қамтамасыз ететін мультимедиялық әдіс-тәсілдерді құрастырып, білім беру үдерісіне ендіру.</p> <p>5. Жоғары оқу орны іші сапа менеджменті жүйесін, білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеру тиімділігін бақылау мен мониторинглеу жұмыстарын жетілдіру;</p> <p>6. Еуропалық білім беру кеңістігіне ену;</p> <p>7. Білім алушылар мен ПОҚ академиялық ұтқырлығы;</p>	<p>1. Білім алушылардың жоғары оқу орындары аралық алмасу мен оқытушылардың тағылымдамалардан өту бағдарламалары сандарының жеткіліксіздігі.</p> <p>2. Шет тілін меңгерген ПОҚ пайыздық деңгейінің жеткілікті еместігі.</p>

<p>8. Пәнаралық байланыстар.</p> <p>9. Интернет желісіне ену мүмкіндігі мен компьютерлермен қамтамасыз етілуі жұмыстарын жандандыру, кітапхананалық қорды жаңарту.</p>	
--	--

2.4. Қоршаған социум сипаттамасы. «8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» БББ бойынша жұмыс берушілер:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының Бірінші басшысы - М.А.Әбдірахманов;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының Бірінші басшысы - Е.М.Бекетбаев

3. ҚР АШМ ВБЖҚК «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК Бірінші басшысы – С.М.Абдухаликов

4. Астана қ. «Фабрика Целинная деликатесов» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры - Л.Т.Сәрсембеков

5. ҚР АШМ ШЖҚ «Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталық» РМК Бас директоры – М.А.Бердіқұлов

6. ҚР АШМ ШЖҚ «Республикалық ветеринариялық зертана» РМК Бас директоры - Т.А.Елшібаев

Жалпы саны 9 ұйым, кәсіпорын және шаруашылық субъекттерімен келісім-шарттар жасалды, мұнда білім алушылар, магистранттар мен докторанттар практика өтеді. Төменде олардың тізімі келтірілген:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Ақмола облыстық аумақтық инспекциясы;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы.

3. ҚР АШМ ВБЖҚК «Республикалық эпизоотияға қарсы жасақ» РМК.

4. Астана қ. «Фабрика Целинная деликатесов» ЖШС.

5. ҚР АШМ ШЖҚ «Ветеринариядағы Ұлттық референттік орталық» РМК.

6. ҚР АШМ ШЖҚ «Республикалық ветеринариялық зертана» РМК.

7. Астана қ. әкімдігінің ШЖҚ-ғы «Астана ветсервис» Қазыналық мемлекеттік кәсіпорыны.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігі «Астаналық ауылшаруашылық өнімдері зертанасы» ЖШС.

9. Ақмола облысы ветеринариялық басқармасы құрамындағы ШЖҚ-ғы «Степногор қ. ветеринариялық стансасы» ҚМК.

Докторанттар жақын (Омбы мемлекеттік аграрлық университеті, Н.Э. Бауман ат. Қазан мемлекеттік ветеринариялық медицина академиясы, Новосибирск мемлекеттік университеті (Ресей) және алыс шет елдерде

(Ыстамбул аграрлық университеті (Түркия Республикасы), Упсала аграрлық университеті (Швеция корольдығы), Шынжан университеті (Қытай) және Варшава аграрлық университеті) ғылыми-зерттеу тағылымдамаларынан өтеді.

Мамандық түлектерінің мүмкіндіктері мен орын алуы ықтимал тәуекелділіктері.

<p>Мүмкіндіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Білім беру бағдарламаларын игергеннен кейін түлектер білімін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша жалғастыру мүмкіндігіне ие болады. 2. Білім беру бағдарламалары жаңа сапалық деңгейлерге, соның ішінде, халықаралық деңгейлерге жеткізу қабылетіне ие. 3. Республиканың аграрлық ЖОО-ың мамандар дайындау ісі жөніндегі халықаралық байланыстар құруы, білім беру бағдарламалары тиімділігін жоғарылату бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндіктері бар. 	<p>Тәуекелділіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс берушілердің түлектердің құзыреттіліктеріне қатысты талаптар қорының әлсіздігі, олар көбіне меңгерілген білім беру бағдарламалары мазмұндарымен сәйкеспей жатады.
---	---

2.5. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы ПОҚ туралы мәліметтер.

«Ветеринария» мамандығы бойынша «8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасын жүзеге асыру ісін 22 адамнан тұратын профессорлық-оқытушылар құрамы жүзеге асырып келеді.

БББ жүзеге асырып келе жатқан кафедраның ПОҚ штатында 2 ғылым докторы, 12 ғылым кандидаты, 8 PhD бар.

Есеп беру кезеңінде оқытушылардың орта жасы 42-45 жас аралығын құрады. Қазақ тіліндегі сабақтарды оқытушылардың 80%, ағылшын тілінде – 10% жүргізе алады. Жыл сайын кафедраның жетекші оқытушылары біліктілікті жоғарылатудың түрлі курстарынан өтіп отырады.

Кафедраның БББ жүзеге асыру ісіне қатысатын профессорлық-оқытушылар құрамының тізімі

Оқу жылы	Барлығы ПОК	Профессорлар	Доценттер	қауымдастырылған профессорлар	Аға оқытушылар		Ассистенттер		Ғылыми дәрежелігі,%
					дәрежесі бар	дәрежесі жоқ	дәрежесі бар	дәрежесі жоқ	
2023-2024	25	2	7	2	11	1	-	2	84

Кафедраның ғылыми дәрежелігі 84% құрайды, ол жыл сайын ұлғайып келеді.

Кафедра қызметкерлері жыл сайын Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының, Украинаның және алыс шет елдердің (Түркия, Швеция, Грузия, Германия, Қытай Халық Республикасы, Польша) аталған бейіндегі жетекші ғылыми орталықтарында біліктілікті жоғарылату курстарынан өтіп отырады. Мәселен, 2019 жылдан 2024 жылға дейінгі кезең аралығында «Ветеринариялық санитария» кафедрасының оқытушылары ҚР ЖОО (ҚазҰАЗУ, ҚМУ), алыс шет елдердің ЖОО-да (Ыстамбул аграрлық университеті (Түркия Республикасы), Упсала аграрлық университеті (Швеция корольдығы), Шынжан университеті (Қытай) және Варшава аграрлық университеті біліктіліктерін жоғарылатты, бұл профессор С.Қ.Әбдірахманов, доценттер Ж.Ш.Әділбеков, Ю.А.Балджи, А.А.Байниязов, Қ.Қ.Әшімоа, А.Н.Ахметов, М.У.Тоқаева, аға оқытушылар Д.Қ.Жаңабаева, Г.Н.Есембекова, Г.Қ.Мырзақева, А.Е.Паритова, Р.Х.Мұстафина, Б.Ж.Айтқожина, Р.Б.Тлеулесов т.б.

2.6. БББ жетістіктерінің сипаттамасы. Кафедрада гранттық қаржыландырудың алты, 1 халықаралық (ҚХР) және коммерциализациялау жөніндегі екі ғылыми жобасы бойынша ғылыми зерттеулер өткізіліп келеді, оның жұмысына білім алушылар тікелей қатысып отырады. Ғылыми жұмыс тақырыптары ғылыми зерттеу бағыттарына сәйкеседі.

Еңбек нарығы талаптарын ескеру және жұмыс берушілер ұсыныстары бойынша жұмыс оқу бағдарламалары мен элективті пәндер каталогына жаңа элективтік пәндер енгізіліп отырады.

Қазіргі уақытта малшаруашылығы мен құсшаруашылығы салаларын қарқынды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес ветеринария саласы мамандарына деген сұраныс артып келеді. Қазақстан Республикасында соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес осы уақытта ветеринария саласы мамандарына деген сұраныс аталған бейін бойынша 8000 шамасын құрайды.

Университетті аяқтаған соң түлектер барлық шаруашылық субъекттеріне, университеттерге, ветеринариялық зертханаларға және Республиканың барлық

өңірлерінің өзге ветеринариялық бейіндегі нысандарына жұмысқа қабылдана алады.

3. БББ даму жоспары шешімін табуға бағытталған мәселелердің сипаттамасы, және оларды шешу қажеттігін негіздемеу.

Білім беру бағдарламалары жануар және өсімдік текті тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына қатысты кәсіби қызмет түрлерін жүргізетін кадрларды дайындауға бағытталған. Білім беру бағдарламасы бойынша дайындалып шыққан кадрлар ветеринариялық нысандарда ветеринариялық-санитарлық қадағалау жүргізе алулары, ветеринариялық шаралар жүргізе білулері, тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін анықтай алулары, жануарларға ветеринариялық көмек көрсете білулері, сонымен қатар, ғылыми-өндірістік және ұйымдастыру-басқару қызмет түрлерін атқару машықтарына ие бола алулары керек.

4. БББ даму жоспарының негізгі мақсаты мен міндеттері, оларды жүзеге асыру мерзімі мен кезеңдері. «8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының даму жоспары жұмыс берушілер талап-тілектері негізінде құрастырылып, әзірленген.

«8D09102 – Малшаруашылығы өнімдерінің санитариялық-экологиялық қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасының мақсаты – докторанттардың тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін толығымен игеру. Осы орайда білім беру бағдарламаларының мазмұны Кедендік Одақ пен Бүкіл Әлемдік Сауда Ұйымы жағдайларында, сонымен қатар, халықаралық ветеринариялық ұйымдардың (ХЭБ, ФАО, ДДҰ т.б.) талаптары мен ұсыныстарына сәйкес малшаруашылығы өнімдері сапасы мен қауіпсіздігіне ветеринариялық-санитарлық сараптау жүргізе білу үшін білім мен практикалық машықтаным алуға бағытталады.

Даму жоспарының негізгі міндеттері:

№	Міндет атауы	Даму кезеңдері	Жүзеге асыру мерзімі
1	Отандық және әлемдік стандарт талаптарына сәйкес білім беру сапасын жоғарылату	оқу үдерісі аралығында	оқытудың барлық кезеңінде
2	Одан кейінгі кәсіби қызмет ету саласында жүзеге асыру үшін, сонымен қатар, екінші сатыға өту үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, машықтанымдар мен тәжірибелерді қалыптастыру	оқу үдерісі аралығында	оқытудың барлық кезеңінде
3	Диссертациялық жұмыстардың өзекті және практикалық маңызды тақырыптарын таңдау кезінде жұмыс берушілердің және ҒЗИ ғалымдарының кеңес беру жөніндегі жұмыстары.	Жұмыс берушілер мен мүдделі тараптардың кеңес беру тұрғысындағы жұмыстары	Маман оқуының аяқталу кезеңі сатысында.

5. БББ шешуге қатысты тәуекелділіктердің әсерін төмендету бойынша шаралар. Білім алушылар контингентін көбейту, оқу-әдістемелік

әдебиетпен толықтай қамтамасыз ету, практика түрлерін өту және кейіннен жұмыспен қамтамасыз етілуіне қатысты шаруашылық субъекттерімен келісім-шарттар жасасу, қазіргі заманғы құрал-жабдықтарды, аспаптар мен реактивтерді уақытында жоспарға сәйкес сатып алу. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту. «Тағам қауіпсіздігі» зертханасының жұмыс жасап тұруын қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта дәрістер оқу және зертханалық-практикалық сабақтар жүргізу үшін Шынжан аграрлық университеті, Ыстамбул аграрлық университеті, Упсала университеті, Гиссен университеті, Варшава Жаратылыстану Университетінің жетекші профессорларын шақырту, келісім-шарттар жасасу жұмыстары өткізілуде. Мұнымен қатар, жақын шет елдердің ЖОО-мен келісімдер жасалынған (Новосибирск, Омбы, Троицк, Воронеж, Мәскеу, Саратов, Қазан, Иркутск т.с.с.).

6. БББ дамыту жөніндегі шаралар жоспары.

Бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын дамыту жоспары.

№	Шара атаулары	Жүзеге асыру мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтижелер	Ресурстық қамтылуы
1	Білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша комиссиялар құру	2023 ж. сәуір айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенева, Р.Х.Мұстафина	университет ректорының бұйрығымен авторлар ұжымы анықталатын болады.	
2	Білім беру бағдарламаларының мақсаты мен міндеттерін жаңарту	2023 ж. мамыр-маусым айлары	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенева, Р.Х.Мұстафина	Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес білім беру бағдарламаларының мақсаты мен міндеттері құрастырылатын болады	
3	Бакалавриат, магистратура және докторантура құзыреттіліктері мен пәндерін анықтау	2023 ж. мамыр-маусым айлары	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенева, Р.Х.Мұстафина	Бакалавриат, магистратура, докторантура және мамандық пәндерінің құзыреттіліктері анықталатын болады	
3.1	Жұмыс берушілермен білім беру бағдарламалары құзыреттіліктері бойынша жалпы	2023 ж. маусым айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенева, Р.Х.Мұстафина	Жұмыс берушілермен пәндердің БББ құзыреттіліктері бойынша жалпы позициялары	

	позицияларын жаңарту және толықтыру			құрастырылатын болады	
3.2	Жұмыс берушілермен білім беру бағдарламасы пәндері құзыреттіліктері бойынша жалпы позицияларын жаңарту және толықтыру	2023 ж. маусым айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенеева, Р.Х.Мұстафина	Жұмыс берушілермен пәндердің БББ құзыреттіліктері бойынша жалпы позицияларын құрастырылатын болады	
3.3	БББ мен мамандық пәндері құзыреттіліктерін дублин дескрипторына сәйкес құрылымдау және сәйкестіру	2023 ж. маусым айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенеева, Р.Х.Мұстафина	Пәндердің БББ құзыреттіліктері дублин дескрипторларына сәйкес құрылымдалатын болады	
4	Білім беру бағдарламаларын кәсіби стандарттарға сәйкес құрылымдау	2023 ж. маусым айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенеева, Р.Х.Мұстафина	Білім беру бағдарламасы кәсіби стандарттарға сәйкес құрастырылды	
5	Мамандық бойынша құрастырылған білім беру бағдарламаларына сәйкес академиялық күнтізбелер мен жұмыс оқу жоспарларын құрастыру	2023 ж. маусым айы	Ж.Ш.Әділбеков, С.Қ.Әбдірахманов, А.А.Байниязов, С.С. Есенеева, Р.Х.Мұстафина	Құрастырылған БББ сәйкес мамандық бойынша академиялық күнтізбе мен жұмыс оқу жоспары құрастырылды	
6	Жаңартылған білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілер қатысуымен өтетін кафедраның кеңейтілген мәжілісінде қарастыру	2023 ж. маусым айы	Ветеринариялық санитария кафедрасы, жұмыс берушілер	БББ жұмыс берушілер қатысуымен өтетін кафедраның кеңейтілген мәжілісінде қарастырылатын болады	
7	Жаңартылған білім беру бағдарламаларын жоғары білім	2023 ж. тамыз айы	Ж.Ш.Әділбеков, А.М. Қабжанова, Р.Х.Мұстафина	БББ факультеттің ғылыми кеңесінде қарастырылып, бекітілетін	

алудың бірегей ережелері қатарына тіркеу			болады	
--	--	--	--------	--

7. БББ даму жоспарын жүзеге асыру механизмі. «Ветеринария» мамандығы бойынша гранттар көлемін ұлғайтуға қатысты мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізілетін болады. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін кафедра қызметкерлері тарапынан жұмыс берушілердің ткелей қатысуымен элективтік пәндер каталогтары құрастырылды. Білім алушылардың базалық шаруашылықтарға, жақын және алыс шет елдердің жоғары оқу орындарына баруы ұйымдастырылып, өткізілетін болады. Білім алушылардың дәрістік және практикалық сабақтарын өткізу үшін жақын және алыс шет елдердің жетекші ғалымдары шақыртылатын болады. Жылда ұйымдастырылып, өткізілетін «Түлектер жәрмеңкесіне» шаруашылық субъекттерінің түрлі формаларының, ветеринариялық мекемелердің, Қазақстан Республикасының өзге өңірлерінің жұмыс берушілері шақыртылатын болады.

8. БББ даму жоспарын жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау.

БББ даму жоспарын жүзеге асырудан болатын әлеуметтік-экономикалық әсер.

Білім беру бағдарламаларын жолға қою нәтижесінде кафедра ғалымдарының ғылыми құрылымдары, ізденістері практикаға ендірілетін болады.

9. БББ бойынша түлектер моделі.

Білім алу нәтижесінде түлек мынандай құзыреттіліктерді иегру керек:

Төменде келтірілген қабілеттіліктерді қоса алғанда тиімді коммуникативтік және әлеуметтік машықтанымдарды иеленуі қажет:

- бірлескен жобаларды жүзеге асыру кезінде және шараларға қатысу кезінде өзге мекеме ғалымдарымен жұмыс жасай білу (тұлға аралық құзыреттілік);

- командада жұмыс жасай алу машығын көрсете білу, келісімдер жасау кезінде құзыреттілік таныту және ұйымдастыру қабілетіне ие екенін көрсету (тұлға аралық құзыреттілік);

- жұмысты қолжетімді формада ұсына білу (тұлға аралық құзыреттілік);

- эксперимент теориясы мен әдістерін ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерімен интеграциялау және оларды зерттеу саласын ескере отырып пайымдай алу (тұлға аралық құзыреттілік);

Білуі және ұғынуы керек құзыреттіліктер - ветеринариялық географияның ғылымдар нақты ветеринария жүйесіндегі рөлін, оның ветеринариялық география әдіснамаларын қолдана отырып, географиялық эпизоотология мен эндемиялық ауруларды зерттейтінін, география мен экология қатынасы мәселелерін қарастыратынын және олардың ветеринариялық географиядағы жүйелі зерттеу әдіс-тәсілдерін қолданатынын, инфекциялық аурулардың хронологиялық ерекшеліктеріне және табиғи факторлардың эпизо-

отиялық үдеріске әсер етуіне қатысты машықтарды қалыптастыратынын білуі және ұғынулары керек (әдіс-тәсілдерді меңгеру құзыреттілігі);

- (өзіндік-пәндік құзыреттіліктер);

Мынаған машықтанған болуы керек:

- тәуекелділікті талдау, қайшылық бақылау нүктелірін айқындау, ет, сүт және балық өңдеу мекемелерінде, өнімдерді тасымалдау, сақтау және пайдаға асыру кәсіпорындарында тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты сапа менеджменті жүйесін ендіре білу;

- көпшілік алдында сөйлей блу (әдіс-тәсілдерді меңгеру құзыреттілігі);

- Кодекс Алиментариус, ФАО/ДДҰ Халықаралық комиссиялары тарапынан қабылданған халықаралық стандарттары, тағам өнімдерін зерттеудің қазіргі заманғы әдістері, тағам өнімдері сапасы мен қауіпсіздігін меңгерудің инновациялық технологиялары, ұлттық және дәстүрлі агроөнеркәсіп өнімдерінің зерттеулері (TradPro) жайлы білу және жұмыс істеу машығын меңгеру;

- білікті пайдаланушы деңгейінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды кәсіби тұрғыдан пайдалана білу;

- ветеринариялық-санитарлық шаралардың ұйымдастырудың негізгі принциптерін құрылымдау, инфекциялық және инвазиялық этиологиядағы ауруларды диагностикалау әдістерін білу, сонымен қатар, аталған патологиялар кезінде емдік-профилактикалық шараларды өткізу әдіснамасын ұсына білу;

- тағам қауіпсіздігі бойынша ғылыми деректерді талдай және синтездей білу, тағам қауіпсіздігінің заманауи теориялық концепциялары мен бағыттарын дұрыс бағалай алу, ххат жазу техникасын қолдану, эссе жоспары мен жазылуын білу, ғылыми мәнідермен жұмыс жасай білу.

Құзыретті болу:

- малшаруашылығы аумақтарының, жануар және өсімдік текті тағам өнімдерінің қауіпті техногенді және биогенді ластаушыларын, шикізаттар мен өнімдердегі түрлі қоздырушыларды, ірі кәсіпорындардың және олардың технологиялық үдерістерінің тағам өнімдеріне әсерін, санитариялық-экологиялық зерттеу әдістерін, санитариялық-экологиялық «таза» өнімдер: сүт, ет, жұмыртқа, бал, балық т.с.с. алу әдістерін, экологиялық қауіпсіздік саласына қатысты отандық және шет елдік негізгі ғылыми жетістіктерін білу.

- ветеринариядағы заманауи әдістерді және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдалана алу, алынған нәтижелерді талдай және пайымдай білу.

Кафедра меңгерушісі



Ж.Ш.Әділбеков